

21 мамыр,
Сейсенбі,
2019 жыл.

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ОЙЫЛ

«ОТБАСЫ – АЛТЫН БЕСІГІМ»



Мерекелік концертті өуезді өндерімен өрлеген өнерлі отбасылар көп болды. Әр отбасы жұптаса шырқаған өндерден таза татулық пен береке, бірліктің лебі есті. Оған қоса «Балдырған» балабақша ұжымы «Жанұя» қойылымын көпшілік назарына ұсынса, аудандық аурухана ұжымы «Перзентхананың бір күні» атты қойылымымен көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ «Жолшы» балабақша ұжымы да өскелең ұрпаққа өнеге боларлық ауылдағы тұрмыс-тіршіліктің бір күнін бейнелесе, Бақтыгереевтер отбасы «Біз татулықты дәріптейміз» көріні-

сімен көпшілікті төңгі етті. Өрі қарай сахна төріне кезектесе шыққан көнекөз қарияларымыз ақ тілектерін ақтарып, ақ баталарын аямады.

P.S. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрдің сақтаушысы болса, сол ұғымды жас ұрпақ санасына сіңіру мақсатында даналық кітаптарын арқалап өкелген аудандық орталық кітапхана қызметкерлері «Отбасы – бақыт мекені» атты кітап көрмесін көпшілік назарына тарту етті.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.



15 мамыр «Халықаралық отбасы күніне» орай аудан орталығындағы ұйымдастырылған «Отбасы – алтын бесігім» атты отбасылық демалыс шарасы велшерумен басталды. Ойыл аудандық мәдениет үйінің алдынан қозғалған велшерушілер «Тәуелсіздік» көшесінің бойында орналасқан Отбасылық саябаққа дейін барды. Айтулы мереке өрі қарай «Отбасылық саябақ» ішіндегі мәдени көпшілік шарамен жалғасты.

дәріптеудегі белсенділігі үшін Нұрғабайловтар және Бекетаевтар отбасына арнайы алғыс хаттар табыстады. Айта кетсек, айтулы мереке қарсаңында ойылдық жас отбасылар арасында ұйымдастырылған «Менің отбасым, менің жанұям» атты интернет байқауында жоғары белсенділік танытып, аудан тұрғындарының ықыласына бөленіп 1566 қолдау жинаған жас отбасы Әділқайыровтар отбасы да марапаттан тыс қалмады.

Түстен кейін Көкжар көгін торлаған қара бұлттан төгілген нәсер еш кедергі келтірмеді. Себебі, жанұясымен жиылған жұртшылық құбылған күн райын өлемеді. Керісінше мерекеге арналған шараны тамашалауға асықты. Сондықтан болар қабарып келген қалың қара бұлттар көпшіліктің кең пейілін көріп қабағын ашқандай әсерде қалдырды. Толығырақ тарқатсақ, «Отбасылық саябақ» ішіндегі шараның шымылдығы мектеп оқушылары тарту еткен «Сельфи» өнімен ашылды. Айтулы мерекеде аудан өкімі Дастан Сағыров барша жұртшылықты мерекелерімен құттықтап, Меруенөвтер отбасын - «Үлгілі отбасы», Халидуллиндер отбасын - «Үздік оқырман отбасы», Ешпановтар отбасын - «Өнерлі отбасы», қорғанышылықта бала тәрбиелеп отырған Өтенөвтер отбасын - «Қамқоршы отбасы» номинациялары бойынша марапаттады. Сонымен бірге халықаралық отбасы күніне орай, ауданда отбасылық құндылықтарды сақтап, ұлттық тәрбиені



Сұхбат

СОТ САЛАСЫНДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР – ҚОҒАМДЫ ІЗГІЛІККЕ БАСТАЙДЫ!

ҚАЗІРГІ ТАҢДА СОТ САЛАСЫНДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ІЗГІЛЕНДІРІП МАҚСАТЫНДА ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН РЕФОРМАЛАР КӨП. СОНДЫҚТАН, БІЗ ЖУЫРДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ СОТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ СӘУЛЕ ТАНИМОВАМЕН ЕНГІЗІЛІП ЖАТҚАН «ЖАҢАЛЫҚТАРДЫҢ» ЖЕМІСІ ТУРАЛЫ ТІЛДЕСТІК.

Алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан өрі ізгілендіру мәселелер өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» айтыл өтсеңіз?

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 21 қаңтардағы № 217-VI «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне меншік құқығын қорғауды күшейту, төрелік, сот жүктемесін оңтайландыру және қылмыстық заңнаманы одан өрі ізгілендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы Заңы қабылданып, ағымдағы жылдың 3 ақпанынан бастап күшіне енді. Аталған заңнама судьялардың жүктемесін азайтуға бағытталған қадамдардың бірі. Нақтылап айтар болсақ сот орындаушыларының өрекетіне берілетін 18 санкцияның ішінен сотқа екеуі ғана қалады, яғни күштеп өкелеу және елден тыс шығу тыйым салу. Сонымен қатар борышкердің мүлкіне тыйым салу, банк шоттарына тыйым салуды санкциялау прокуратураның өкілеттігіне беріліп, бұйрық арқылы іс жүргізудің 18 талабының 9 талабы нотариатқа берілді. Оңайлатылған төртіплен іс жүргізудің 12 категориясының 10-ы бұйрықтық іс жүргізуге берілді. Бұның барлығы судьялардың жүктемесін азайту мақсатында қабылданып жатқан қадамдар. Сонымен қатар, бір

ауыз сөзбен айтқанда, сот саласындағы жаңалықтар – қоғамды ізгілікке бастайды!

Соңғы кездері енгізілген «жаңалықтардың» бірі - «Түнгі сот», «Түнгі соттың» тиімділігі туралы не айтар едіңіз?

Жалпыға түсінікті болу үшін «түнгі сот» жобасы туралы түсінік беріп өтейін. «Түнгі сот» жобасы кешкілік уақытта болатын өкімшілік құқық бұзушылықтарды қарайды. Атап айтқанда, негізінен көлік жүргізушілерінің жол қозғалысы ережесін бұзуы және жүргізушілердің мас күйінде автокөлік басқаруы секілді істерді қарастырады. «Түнгі сот» жобасы уақытты үнемдеп, қалыптасқан мәселенің жылдам шешілуіне ықпал етеді. Сондай-ақ, істерді қарау мерзімін қысқартуға мүмкіндік бермек. Іс қаралмас бұрын, тараптар оқиғаға байланысты сауалнама толтырады, егерде тараптар сот жұмысын кейінге қалдыруды сұраса, судья істі жалпы төртіпте қарау үшін кейінге қалдырады. Аталған жобаның басты мақсаты - азаматтар үшін қолайлы уақытта өкімшілік іс жүргізу құқығын қаматамасыз ету. Түнгі соттың жұмыс уақыты 18.30-дан 22.00-ге дейін жалғасады.

«Дау мұраты – біту» - деген дана халқымыз, ауыл арасындағы ақсақалдардың талқысымен шешуе тырысты. «Татуласу: сотқа дейін, сотта» пилоттық жобасы да сол бабалар дәстүрінен бастау алатын сияқты?

Рас, бітімгершілік қазақ халқының қанында бар қасиеттердің бірі. Осы орайда медиация заңы аясында, еліміздің барлық жерлерінде кәсіби және кәсіби емес медиаторлар қызметтерін атқарып жатыр. Қазіргі таңда бітімгершілікпен бітетін істер санын көбейту мақсатында жоспарлар жасалып, жұмыстар жаса-



луда. Жалпы медиацияның тиімді жақтарын біз айтқанмен, кейбіреулер білмей жатады. Осы бітімгершілікке келуді қолдау мақсатында «Татуласу: сотқа дейін, сотта» пилоттық жобасы енгізілген болатын. Сотқа дейінгі татуласу рәсімі тараптардың өзара медиация арқылы мыраға келіп, даулы мәселені сотқа дейін реттеу. Медиация - дегеніміз жанжалдарды соттың қатысуынсыз, үшінші бейтарап жақ медиатордың көмегімен шешу формасы. Медиатор - дауды, дауласушы тараптарды басқарушы. Медиатор қорғаушы немесе заңгер емес. Тараптардың ешбірінші мүддесін қорғайды. Ол тек дауласушы тараптарды ортақ мәмілеге келтіріп, келіссөз жүргізуші. Медиация жанжалға қатысушылардың эмоционалды қышын, ақшасын және уақытын үнемдеуге көмектеседі. Оны жүргізу кезінде процесің жағдайы, ұйымдастырылуы, ұзақ-тығы және мазмұны жеке анықталуы мүмкін. Медиация - дауға кім кінәлі немесе жеңіске жету емес, шешімнің құрылымдық іздестірілуіне бағдарланады. Қазіргі таңда аудандық өр ауылдық округтерде кәсіби емес

медиаторлар өз қызметтеріне көрсетіп, азаматтарды мәмілеге келтіреді.

«Смарт сот» жобасы да біз үшін таңсық сияқты?

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру негізінде жасалған «Smart сот» жобасы, сот жүйесін жетілдіру шеңберінде, сот процесіне белгілі себептерге байланысты қатысушы тараптардың сотқа келмей-ақ, яғни қаралатын іске қашықтықтан бейнеконференция байланысы арқылы қатысуға мүмкіндік береді. Сот отырысына қатысушы өзінің смартфонна «TrueCop» ұялы қосымшасын орнату арқылы онлайн түрде сот отырысына қосылуы. Смарт сот жобасының қолданылуында бірқатар артықшылықтар бар. Атап айтқанда, тараптарға сотқа келу үшін кететін уақытын, қаржысын жұмасамай-ақ сот процесіне толыққанды қатысып шығуға мүмкіндік береді. Осы аталған жобаның қолданылуы қарапайым халық үшін өзінің оң нәтижесін беруде.

Өңгейменізге рақмет!

Сұхбаттасқан:
С.ХАМЗИН

ӘКІМНІҢ АУЫЗАШАРЫ



Өткен жұма, Оразаның он бірінші күні Ойыл ауданының өкімі Дастан Сағыров аудандағы бес парызының бірін өтеп жүрген жүзге тарта адамға ауызашар берді. Дастан Жарыққасынұлы бұрынғы жылдардағыдай ауыз бекітіп, ораза тұтқан Ойылдағы жамағатпен ғана шектелген жоқ. Ауданға қарасты барлық округтен де өкілдер келді. Алдымен Ойыл аудандық мешітінің бас имамы Нұрсұлтан Серікұлы аруақтардың рухына арнап құран бағыштаса, Дастан Жарыққасынұлы өзінің лебізін аудан жұртшылығына деген тілегімен ұштастырды. Дастархан басында ауыл ақсақалдары салқалы, тағылымды өңгіме өрбітті.

ЗЕКЕТ - ИСЛАМНЫҢ БЕС ПАРЫЗЫНЫҢ БІРІ



Асыл дініміз Исламда «Зекет» көбею, өсу, берекет, тазару, ағыл-тегіл, аста-төк нығметтерге шүкіршілік айту секілді мағыналарды қамтиды.

Зекеттің шариғаттағы мағынасы - қоғамдағы мұқтаж адамдарға қаржыны (мүлкіті) риясыз көмек ретінде, нисабқа (белгілі мөлшерде) жететін байлыққа ие болған адам, байлығының белгілі бір бөлігін жылына бір рет Алла Тағаланың ризалығы үшін беруі.

Зекет-Исламның бес парызының бірі. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): "Мал мүліктеріңді зекетпен қорғаңдар, ауруларыңды садақпен емдеңдер және белеге қарап дұға өзірлендер" - деген хадисі көп нәрсені аңғартса керек.

Зекеттің пайдалары мол, сауабы ұшан-теңіз. Расында, зекет төлеу байлықты арттырады. Алла Тағала : "... тиісті орынға бір нәрсе жұмсаңдар, сонда Алла Тағала тағы есесін береді" - деп айтқан ("Сәбә" 39- аят).

Зекет күнелердің кешірілуіне себеп болатыны да Құранда айтылған: "Олардың малдары көбейіп және өздері күнелерден тазалануы үшін мұсылмандардың малдарынан садақа (зекет) ал" - деп айтылған ("Тәуба" 103-аят).

Зекет - пеле-жаладан, апаттан, ауру-сырқаудан сақтайды. Байлықтың талан-таража түсіп, жоғалып кетуіне тосқауыл болып, берекесін арттырады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): "Садақа беру ешқашан байлықты кемітпейді" - деп айтқан.

Зекет берген адамның жан жүрегі, ішкі сезімін керемет бір қуаныш билеп, ерекше ләззат күй кешеді. Құранда: "Алла өсімін берекетін келтіріп жояды, ал садақа берілген малды берекеттендіріп арттырады", - делінген. («Бақара» сүресі, 276 аят)

Зекет берілетін байлыққа бір жыл толуы шарт. Зекеттің берілетін орындарын Алла Тағала былай баяндайды: "Шын мәнінде садақалар (зекет), кедей кешіктерге, түгі жоқ міскіндерге, зекетті жинауға тағайындалған адамдарға, көңілдері жібітілуі мақсат етілгендерге (яғни мұсылмандарға), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Аллаһ жолына және қиналған жолаушыларға берілуі Аллаһ тарапынан парыз етілді". (Тәубе сүресі,60-аят)

Түңенің зекемі	
Нисап мөлшері	Берілуі парыз болған мөлшер
5-9 түйе	1 қой
10-14 түйе	2 қой
15-19 түйе	3 қой
20-24 түйе	4 қой
25-35 түйе	1 жастан асқан 1 тайлақ
36-45 түйе	2 жастан асқан 1 түйе
46-60 түйе	3 жастан асқан 1 түйе
61-75 түйе	4 жастан асқан 1 түйе
76-90 түйе	2 жастан асқан 2 түйе
91-124 түйе	3 жастан асқан 2 түйе
125-129 түйе	3 жастан асқан 2 түйе 1 қой
130-134 түйе	3 жастан асқан 2 түйе 2 қой
135-139 түйе	3 жастан асқан 2 түйе 3 қой
Суыр зекемі	
Суыр	Берілетін зекет саны
30-39 суыр	Бір жастан асқан 1 тана немесе бұқа
40-59 суыр	Екі жастан асқан 1 суыр
60-69 суыр	Бір жасар 2 тана
70-79 суыр	Бір жасар 1 тана, екі жасар 1 суыр
80-89 суыр	2 жасар 2 суыр
90-99 суыр	Бір жасар 3 тана
100-109 суыр	Бір жасар 2 тана, екі жасар 1 суыр
Қой зекемі	
Қой мен ешкінің саны	Берілетін зекет саны
40-120	1 қой
124-200	2 қой
200-399	3 қой
400-499	4 қой
500-599	5 қой
600-699	6 қой
700-799	7 қой

Исламның барлық қағидалары Құран мен Ардақты Елшісінің (с.ғ.с.) хадистерінен алынған. Мықты қоғам болу үшін адамзат Қасиетті Құранды басшылыққа алса, еш адаспайды. Бес парыздың бірі Зекет беріп, оны өз шарттары мен қағидаларына сәйкес үлестіріліп, жамағат!

Саламат Қомытұлы Шаңғала,
Қаратал аулы.

Мақалаға материалдар ҚМДБ «Зекет» қоры дайындаған «Бес парыздың бірі –Зекет» кітапшасынан алынды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ

Сыбайлас жемқорлық — өзінше өлемнің бірде бір елі жеңіп шыға алмаған өлеуметтік мәселе.

Сыбайлас жемқорлыққа шек қоюға, өлеуметтік қатынастарды қоғамға зиян келтіріп мүмкіндіктерін асыра пайдаланудан мүмкіндік шегінде жағдай жасауға болады.

Өлемнің барлық мемлекеттері осы бөлеге тап болып отыр. Сонымен қатар қазіргі заманғы жағдайда сыбайлас жемқорлық мемлекешіндік проблемадан біртіндеп ғаламдық проблемаға айналып бара жатыр.

Қазіргі заманғы қазақстан қоға-мында сыбайлас жемқорлықтың себептері мыналар болып табылады:

1. Қазақстан Республикасындағы адам және азамат құқықтары сала-сында халықтың құқықтық мәдениетінің төмен деңгейі;

2. Мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, ұйымдар, барлық жеке меншік нысанындағы көсіп-орындардың басшылық құрамын құруда кадрлар іріктеудің жетілмегендігі;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәрбиесі және оқу орын-дарында, ең алдымен жоғарғы оқу орындарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсінік қалыптастыру жүйесінің болмауы;

4. Мемлекеттік органдардың ше-неуніктерінің, мемлекеттік ұйым-дардың, мекеме және кәсіпорын-дардың басшыларының арасында ашық түрде мүлкі, табысы және оның көзі туралы жариялаудың болмауы;

5. Кейбір шапшаң өсетін басшы-лардың мемлекеттігі, азаматтығы және патриотизмінің төмен-деңгейі;

6. Мемлекеттік қызметшілердің жалақысының және мемлекеттік қызметшілердің өлеуметтік қорға-луының ынталандыру шараларының төмендігі;

7. Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігі мен көсібілік-деңгейінің төмендігі;

8. Мемлекеттік басқару саласынан табыс етілетін елдің үкіметтік емес ұйымдары ұсынатын өлеуметтік қызметтер саласы

жазықтығының тарлығы.

Сыбайлас жемқорлық жалпы қылмыспен қатар Қазақстанда мемлекеттік билік және қоғам үшін қауіпті.

Қазақстан совет үкіметінен кейінгі кеңестікте бірінші болып 1998 жылдың шілде айында сыбайлас жемқор-лықпен күрес заңын қабылдады және халықаралық конвенсияларға қосыл-ды.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша арнайы органдар құрылған. 1997 жылы Қазақстанда ҚР Жоғарғы төртіптік кеңесі құрылды, кейін ол Сыбайлас жемқорлықпен күрес бойынша ҚР Мемлекеттік комиссиясына қайта құрылды. 2002 жылы ҚР Президентінің жанында сыбайлас жемқорлықпен күрес және мемлекеттік қызметшілердің қызмет этка-сын сақтау мәселелері бойынша Комиссия құрылды.

Экономикалық салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы өрекет жасау үшін Қазақстан Республикасының экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыс-тарымен күрес жөніндегі Агенттігі құрылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында азаматтық қоғам институттарының — саяси партия-лардың, өр түрлі үкіметтік емес ұйымдар және бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуы кеңеюде.

Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, ақпараттық-талдау қызметі негізінде кешенді жұмысты талап етеді, соның ішінде жаңа қылмыстық-құқықтық нормалардың ұтымдылығын бағалау бойынша.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясын іске асыру маңызды құралының бірі Президент жанында қызмет ететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселе-лері жөніндегі Комиссия болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы өрекет етуге өңірлік-деңгейде мем-лекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігі жанындағы облыстық Төртіптік кеңестері міндеттелген.

Жыл сайын сыбайлас жем-қорлыққа қарсы күрес бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп бекітіледі.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ СЕССИЯСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

«15» мамыр 2019 жыл № 34

Ойыл селосы

Аудандық мәслихаттың

кезекті отыз төртінші

сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001

жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан

Республикасындағы жергілікті мемлекеттік

басқару және өзін-өзі басқару туралы»

Заңының 18 бабының 4 тармағы 1)

тармақшасына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Алтыншы шақырылған аудандық

мәслихаттың кезекті отыз төртінші

сессиясы 2019 жылдың 22 мамыры күні

сағат 12.00-де аудан өкімдігінің мәжіліс

залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына

мәселелер енгізілсін:

1. Облыстық мәслихаттың 2015 жылғы

11 желтоқсандағы №349 «Ақтөбе

облысының қалалары мен елді

мекендерінің аумақтарында жасыл

екпелерді күтіп-ұстаудың және қорғаудың

Қағидаларын, абаттандырудың

Қағидаларын бекіту туралы» шешімінің

Ойыл ауылдық округінде жүзеге асуы

туралы

Хабарламашы: М.Ж.Қажмұханов - Ойыл

ауылдық округі өкімінің м.а.

2. 2017 жылғы аудандық бюджеттің

атқарылуы туралы

Бағандамашы: Б.Ә.Әділханов - аудандық

қаржы бөлімінің басшысы

3. 2017 жылғы аудандық бюджеттің

атқарылуына жүргізілген бақылау

қорытындылары туралы

Хабарламашы: Ақтөбе облысы

бойынша тексеру комиссиясы

4. Аудандық мәслихаттың атқарған

жұмысы жөніндегі аудандық мәслихат

хатшысының есебі

Хабарламашы: А.К.Мамбетова -

аудандық мәслихат хатшысының м.а.

5. Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихат

сессиясының төрағасы:

Ж.Ж.Жақып

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ

ҚР АШМ 06.05.2015 жылғы №7-1/418 бұйрығымен бекітілген «Ветеринария саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік қызмет көрсетеді.

1. «Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру»

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы.

2) «Электрондық үкіметтің»

www.egov.kz, www.elicense.kz веб-портал арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап немесе порталға жүргеннен бастап:

1) Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні импорттауға, экспорттауға-4 (төрт) жұмыс күн ішінде, басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді қажет ететін рұқсаттарды қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні транзиттік алып өтуге 30 (отыз) жұмыс күні ішінде тірі жануарларды карантиннен өтуге күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде.

2) көрсетілетін қызмет алушының мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсыру үшін күту уақыты - 15 (он бес) минут;

3) мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу кезінде кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 (он бес) минут.

2. «Экспорттау кезінде орны ауыстырлатын (тасымалданатын) объектілерге ветерина-

риялық сертификат алу». Осы аталған мемлекеттік қызмет көрсету жеке және заңды тұлғаларға 1,2,3 формалы ветеринарлық сертификат алу үшін өтініш қабылданған құжаттардың қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету:

1) ААИ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Министрлігі;

2) веб-портал «электрондық үкіметтің»

www.egov.kz, www.elicense.kz.

Жеке және заңды тұлғалар үшін тасымалдау кезінде ауыл шаруашылығы жануарларын және жануарлардан алынатын өнім мен шикізат өнімдерін, сонымен қатар ит және мысықтар Қазақстан Республикасының аумағынан тыс мемлекеттерге Кедендік Одақ ветеринариялық сертификатымен тасымалданады.

Қазақстан Республикасының ішкі аумағында жануар-ларға және жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты тасымалдау кезінде ветери-нариялық құжаттар мен ветеринариялық анықтама, ветпаспорт, жүктің ветери-нариялық санитариялық қорытынды сарап-тама актісі болу қажет.

Ветеринариялық құжаттар болмаған жағдайда «Ветеринария туралы» Заңының 25 бабын және Әкімшілік кодекстің 406 бабын бузған болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: электрондық нысанда ресімделеді, қағаз жүзінде басып шығарылады.

Сонымен қатар жұмыс кестесі ҚР еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағ. 13.00-ден 14.00-ге дейінгі уәзілден сағ: 9.00-ден 18.00-ге дейін жүзеге асырылады. ҚР.АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекен жайы: **Ойыл селосы, Бакаев көшесі №8 үй. Тел: 2-18-49**

ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясы

Зарегистрирован в Департаменте юстиции

Актюбинской области 16 апреля 2019 года за № 6108

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 248 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 9-1 бабының 2-тармағына, 106, 109-1 баптарына сәйкес, Ойыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 248 «2019-2021 жылдарға арналған Ойыл ауылдық округ бюджетін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3-11-156 номерімен тіркелген, 2019 жылы 22 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне жарияланған) шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер «184 711» сандары «195 670,2» сандарымен ауыстырылсын;

трансферттер түсімі:

«170 941» сандары «181 900,2» сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшасында:

шығындар

«184 711» сандары «197 902,1» сандарымен ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профицит)

«0» саны «-2 231,9» сандарымен ауыстырылсын;

6) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)

«0» саны «2 231,9» сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімінің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. «Ойыл аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етісін.

4. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың сессия төрағасы: Е.Жиеналин

Аудандық мәслихат хатшысының м.а.: А.Мамбетова

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 277 шешіміне қосымша

Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 4 қаңтардағы № 248 шешіміне 1 қосымша

РЕШЕНИЕ МАСЛИХАТА УИЛСКОГО РАЙОНА

О внесении изменений в решение районного маслихата от 4 января 2019 года № 248 «Об утверждении бюджета Уилского сельского округа на 2019-2021 годы»

В соответствии со статьей 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и пунктом 2 статьи 9-1, статьями 106, 109-1 Бюджетного Кодекса Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года, Уилский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Внести в решение районного маслихата от 4 января 2019 года № 248 «Об утверждении бюджета Уилского сельского округа на 2019-2021 годы» (зарегистрированное в реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3-11-156, опубликованное 22 января 2019 года в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде) следующие изменения:

в пункте 1:

в подпункте 1):

доходы

цифры «184 711» заменить цифрами «195 670,2»;

поступления трансфертов:

цифры «170 941» заменить цифрами «181 900,2»;

в подпункте 2):

затраты

цифры «184 711» заменить цифрами «197 902,1»;

в подпункте 5):

дефицит (профицит) бюджета

цифры «0» заменить цифрами «-2 231,9»;

в подпункте 6):

финансирования дефицита бюджета

(использования профицита)

цифры «0» заменить цифрами «2 231,9».

2. Приложения 1 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.

3. Государственному учреждению «Аппарат Уилского районного маслихата» в установленном законодательством порядке обеспечить:

1) государственную регистрацию настоящего решения в Департаменте юстиции Актюбинской области;

2) направление настоящего решения на официальное опубликование в эталонном контрольном банке нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде.

4. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2019 года.

Председатель сессии районного маслихата: Е.Жиеналин

И.о. секретаря районного маслихата: А.Мамбетова

Приложение к решению районного маслихата от 8 апреля 2019 года №277

Приложение 1 к решению районного маслихата от 4 января 2019 года № 248

2019 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ БЮДЖЕТІ

Санаты	Сыныбы	Кіші сыныбы	Атауы	Сомасы (Мың теңге)
1	01	2	1. Кірістер	195670,2
			Салықтық түсімдер	12540
	04	1	Табыс салығы	6600
			Жеке табыс салығы	6600
2	01	4	Меншікке салынатын салықтар	5940
			Мүлікке салынатын салықтар	260
	06	1	Жерсалығы	320
			Көлік құралдарына салынатын салық	5360
4	02	3	Салықтық емес түсімдер	1230
			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1210
06	1	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1210
			Басқа да салықтық емес түсімдер	20
4	02	3	Басқа да салықтық емес түсімдер	20
			Трансферттердің түсімдері	181900,2
			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	181900,2
			Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	181900,2

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарлар-малардың өкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сомасы (Мың теңге)
01	1	124	001	II. Шығындар	197902,1
				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	34753
				Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	34753
				Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ өкімінің аппараты	

Мәдениеттің майталманқары

Халық әндерін құрметтеп... Халқы сүйген қыз



Қарап отырсақ халқымызда күміс көмей, жез таңдай қыздарымыз жетерлік. Бүгінде өнердің ақ мұзарт шыңында аты қалған өнші қыздарымыздың есімдері ел есінде сақтаулы. Бүгінде өнердің ордасына айналған киелі Көкжар топырағында халық әндерін орындап, халықтың ықыласына бөленіп жүрген жандардың бірі Жаңылдық Бисенғалиева. Өткенге сөл көз жүгіртсек, Қ.Шаңғытбаевтың сөзіне жазылған Илия Жақановтың «Ойыл толқыны» өнін алғаш орындаған өнші аруымыз осы Жаңылдық Серікбайқызы еді.

Ол, одан бөлек, ел есінде ұмыт болып бара жатқан халық әндерін жаңғыртып, дара дауыста дала әндерін деріптеп келеді. Ойылдың ерке қызы атанған жезтаңдай өнші, өрелі өнердің көшінде келе жатқанына 40 жылға таяған Жаңылдық Серікбайқызы 1980 жылдан бастап, аудандық мәдениет үйінде қызмет етіп келеді. Қазір аудандық мәдениет үйінде балалар өдіскері қызметін атқарады. Сол уақыттан бері мәдени шараларда жеке дауыста әндер орындап, өзінің өн шырқау шеберлігін көрсете білді. Сонымен бірге балалармен өткен шараларға басшылық жасап, жоғары дәрежеде өтуіне өз үлесін қосып жүр. Бүгінде аудандық мәдениет үйі жаңындағы «Ойыл халық театрының» мүшесі. 2018 жылы аймақтық театрлар арасындағы фестивальде «Үздік эпизод» номинациясы бойынша марапатталған. Оған қоса халықтық «Ақ Өже» ансамблінде өнерлі де, өнегелі әйелдердің қатарында ұрпақ тәрбиелеуде тынымсыз тер төгіп келеді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ.

«Алтын кеннің» үстінде поэзияны пір тұтып...



Жаңа ғасырды жырлап, жүйріктердің алдыңғы сапында жүрген Бауыржан Қарағызұлы кітапхана туралы

Кітапхана – жүрегіміздің жанары, Кітапхана – қасиетім, киелім. Досым, саған қалай айтсам болады, Кітаптарды, кітаптарды, сүйемін, - деп жырлайды. Осы тұста біз көпшілікке «кітапхана» сөзінің жай сөз емес, кітапхана – рухани қазына ордасы екенін, ал кітапханашы сол байлықтың сақтаушылары екенін мақтанышымен айтамыз. Міне сондықтан қай мамандықтың да өз майталман маманы болады. Маяковскийдің «Барлық мамандық жақсы – тек өз талғамымен таңдап ал» деген сөзі бізге ой салатыны анық. Өз мамандығына үлкен құрметпен, сүйіспеншілікпен қарап білім мен биік парасатылықтың керуенін бүгінге дейін жетелеп келе жатқан, поэзияны жанындай жақсы көретін, қолы қалт еткендейін алғаш ойды жүйлеп, ұйқасын қиыстырып, қағазға түсіріп, аудандағы рухани шараларға ұйытқы болып, бүгінгі жастарға жайдарлы мінезімен үлгі болып жүрген жандардың бірі - Ойыл аудандық орталық кітапханашысының кітапханашысы Гүлайым Қәлиева.

1986 жылы Қараой орта мектебін бітіріп, 3 жылға жуық ауылда қызмет атқарды. 1989 жылы арман қуып Алматы қаласындағы Қазақтың қыздар педагогикалық институтының кітапханатану факультетіне оқуға түсіп, 1993 жылы бітіріп шығады. Сол жылдың тамыз айынан бүгінгі күнге дейін үздіксіз 26 жылдай жұмыс жасап келеді. Қазіргі таңда аяулы ана отбасында 3 бала тәрбиелеп отыр.

ҰҚЫП ПЕН МӘДЕНИЕТТІ ҰШТАСТЫРҒАН



Өл-Фарабидің «Адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді» - деген терең мағыналы, философиялық ой түйіні бар. Рас, үздіксіз ізденіс пен еңбектің нәтижесінде ғана адам өзі қалаған мақсатына жетеді. Осындай тынымсыз еңбектің арқасында өз ортасында ғана емес, ел алдында алғыс алып жүрген жандар жанымызда жүр. Тұтастай болмыс-бітімімен, қарым-қабілетімен артына өнегелі із тастап келе жатқан еңбек адамының бірі - Айсұлу Мамбетова.

Өмірлік өлшемдерін мейірімділік пен тазалықтан іздейтін, қайрат пен қажырды бар болмысына негіз еткен Айсұлу Кенесарықызы мәдениет саласында 35 жылдай еңбек етіп келеді. Еңбек етіп жүрген саласында талай өнерпаздың бағын жандырып, өмірлік жолын бағыттап берген бұл жанды мәдениет қайраткері десек те артық емес. Мәдениет қайраткері атанған аға буйынмен иық тіресе еңбек ете жүріп, жас буйнаға өз тәжірибесін бөлсуден шаршамайтын, білген-түйгенін айтып жүретін адам. Қазіргі кезде қоғамдағы барлық іс-шараларға белсене қатысып, салт-дәстүр, өдет-ғұрыптарды өнеге етіп, жастарға үлгі болар жандардың бірі де, бірегейі осы - Айсұлу Кенесарықызы. Алдына көмек сұрай келген жасы үлкенге ізетпен қарап, кішіге мейірім мен кішіпейілділік танытып, қолынан келгенін аямайтын жан.



Ойыл ауданы, Қарағұл көшесінің тұрғыны Тайғожиев Салықжан Балғожаұлы 61 мүшел жасымен құттықтаймыз!



Мүшел жасы құтты болсын өкешім, Асқар тауым аласармас төтешім. 61-дің асқарына жеттіңіз, Анамызбен бірге 100-ге жетіңіз. Балалармен қызық думан үйіңіз, Немерелер тартылар бір күйіңіз. Ұрпағымен мың жасаған Ұлықпандай, Шөбере де аман-есен сүйіңіз. Тілек білдіруші: балалары, немерелері, жиендері.

СПИД - ҒАСЫР ДЕРТІ

АИТВ (адамның имунитетінің тапшылығының вирусы) – бұл АИТВ инфекциясының вирусын тудыратын өте ұсақ вирус. Адам ағзасында вирустың (АИТВ) енуі ағзаны ісікті жасушалар мен потогендерді теңестіріп және жая отырып адам ағзасына аурулардан қорғауды қамтамасыз ететін имунитет жүйесінің бұзылуына өкеліп соғады. АИТВ адам ағзасына түсе отырып имундық жүйенің жасушаларын зақымдайды, нәтижесінде оның имунитетті қысымға тап болады да ЖИТС жұқтырылған имунитет тапшылығы синдромы дами бастайды. Науқастың ағзасы инфекциялар мен ісіктерден қорғау мүмкіндігін жоғалтады, қалыпты имундық жүйесі бар адамдарға төн болмайтын екіншілік оппортунистік аурулар пайда болады.

1983 жылы Сан-Францискода, туғандары мен жақындарын жоғалтуынан қасірет шеккендердің мәселелері бастама болған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, планетада имунитет тапшылығының вирусын (АИТВ) жұқтырған 37 миллионнан астам адам өмір сүреді. ЖИТС-тен шамамен 35 миллион адам қайтыс болған.

2019 жылы Қазақстан Республикасында ЖИТС-тен қайтыс болған адамдардың саны өсуіне қарамастан, ЖИТС-тен қайтыс болған адамдардың саны өткізіліп келеді.

Қорыта айтқанда, өдепті өмір сүріп, отбасы бірлігі берік болса, арақ-шарап ішіп, наша тартудан, кездейсоқ жыныстық жақындасудан аулақ болса, әрбір адам өзін-өзі ЖИТС-тен қорғай алады.

Ф.МОЛДАШЕВА, Ойыл аграрлық колледжінің медбикесі.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Елімізде мемлекеттік қызмет алу кезінде азаматтардың сұранысын барынша қанағаттандыруға мүмкіндік беретін мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиімді жүйесін құрастыру бойынша мәселесі шешілді. Мемлекеттік қызметтің қызметті алушы мемлекеттік органдарымен көрсетілетін қызметтердің деңгейін және сапасын талап ету мүмкіндігі бар екенін біледі.

Мемлекеттік қызметтер келесі қағидааттардың негізінде көрсетіледі:

- қызмет алушыларға бірдей қол жетімділігі,
- мемлекеттік қызметті көрсету кезінде төрешілік пен қағаз басатылықтың белгілеріне жол бермеу,
- мемлекеттік қызмет көрсету саласында есеп берушілігі және аяқындығы, мемлекеттік қызметтің қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі,
- мемлекеттік қызмет көрсету процесін жетілдіру,
- мемлекеттік қызмет көрсету кезінде үнемшілдік пен тиімділігі.

Ойыл аудандық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен халыққа келесі мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

- «Эпидемиология маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және гигиеналық нормативтерге сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру»;
- «Қоршаған ортаға, санитариялық қорғау аймақтарға және санитариялық-қорғаныш аймақтарға, шикізатқа және өнімге зиянды заттардың және физикалық факторлардың рұқсат етілетін шекті шығарындылары мен рұқсат етілетін шекті төгінділері жөніндегі нормативтік құжаттама

жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды беру»;

- «Тамақ өнімін өндіру (дайындау) объектісіне есептік нөмір беру»;
- Қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік қызметтердің әлеуметтік маңыздылығын және бағыттарын ескере отырып, қызмет алушылардың жыл сайынғы өсімі халық арасында қажеттілігін растайды.

Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы, ақпараттық ізспелем байланысты болады. Халықтың хабардар етілуін арттыру, қолжетімділігін кеңейту және айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында, басқармамен халықтың түрлі категориялардың қатысуымен Ашық есік күндері, семинарлар өтеді.

Барлық қажетті ақпараттар, оның ішінде қызметтердің стандарттары мен регламенттері Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының интернет-ресурсында берілген. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының кеңсесінде бірінші қабатта, көзге көрінетін жерде, әрбір қызмет бойынша ақпараттық стендтері орнатылған.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын және уақтылы көрсетуін одан әрі арттыру мәселелері үнемі бақылауда тұр, оларды көрсету тәртібін бұзылуына жол бермеу бойынша шаралар қолданылады.

Қоғамдық денсаулық сақтау органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер ақисыз негізінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер бойынша толық ақпаратты Ойыл селосы, Шернияз көшесі, 60 мекенжайы бойынша немесе 2-15-45 телефоны арқылы немесе kooz.mz.gov.kz сайтында алуға болады.

ОБЛЫСТЫҚ МҰРАЖАЙДАҒЫ ОЙЫЛДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘСЕРІ



Жастардың ой-өрісін, танымдық қабілетін арттыру, туған өлке тарихына деген қызығушылығын қолдау, өткен ғасырдан сақталған ата-бабамыздан қалған жәдігерлерді таныстыру мақсатында жақында тарихтан тағлым алатын «Туған жердің сырларына саяхат» атты тақырыппен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 11 «Б» сынып оқушылары тұңғыш елбасымыздың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы мен Әлия мұражайына және «Ақтөбе облыстық планетарий» МКҚК саяхат сабақ жүргізіп қайтты. Тарихи терең мұражайдан өлкеміздің табиғаты мен өнері, тарихи және мәдениеті жайлы тереңірек танысып, тарихи жәдігерлерін көріп, ерлігі башамызға үлгі болған батыр Әлия алашмұңшы өмір деректерін көңілге тоқып, білім көкжиектерін кеңейтті. Әсіресе, мектеп оқушыларына қазақтың қолданбалы қол өнері мен тұрмыстық заттары қойылған зал өте қызықты өсер етті. Ер балалар ат өбелдерін,

ер-тұрман түрлерін көріп, қызығушылық танытса, қыз балалар ертедегі қайталанбас қазыналы өшекей бұйымдарға аса мән берді. Мұражайдың негізгі қызығушылық тудыратын заттары сол замандардың айнасы іспеттес. Шолу экскурсиясы аяқталғаннан кейін, балаларға залдарды жетекшілерімен бірге аралау ұсынылды. Бұл ұсынысқа қуана-қуана келіскен балалар тарихи-өлкетану мұражайының үлкен өсер қалдырғанын, ондағы заттар мен экспонаттар жоғары талғаммен іріктелгендігін жарыса айтты. Қазіргі заманда ескеңе ұрпаққа, заттай делелдер, өткен ғасырлар сырын шертетін мұражайлар өте маңызды. Мұражайларға бару, өз тарихын, өткен мен бүгіннің бір-бірімен тығыз байланысты екенін білу, сезу ер адамның адами борышы. «Өткенді білмей, болашақты болжау мүмкін емес» деген қанатты сөзді ұстана отырып, оқушыларымыз экскурсия барысында мұражайдан танымдық түсініктерін молайтып, ұлттық құндылықтарымызды деріптеп, кеңірек өз беттерімен іздене білулеріне жол

ашты деп есептеймін. Өйткені, халық тарихы мен өнерін қамтитын талай замандардың күюгерлері халқымыздың рухани асыл қазыналарын жинақтап, өлкеміздің өткені мен бүгінін жалғап отырған рухани мұражай өлемінен керемет өсер алды.

Өлке тарихын, табиғатын, мәдениеті мен салт-дәстүрін және мәдени тегімізді танытатын төл мұралар жиынтығы мен шашауы шықпай жеткен жауарлы жәдігерлер сақталған мұражаймен танысып, тарих тағылымын жас ұрпаққа таныту мақсатында өткен саяхат сабаққа 11 «Б» сыныбының ата-аналары демеушілік жасап, арнайы көлік бөлді. Осындай танымдық өнегелі саяхатқа қолдау көрсеткен ата-аналарға мектеп оқушылары мен мектеп-гимназия ұжымының алғысы шексіз. Мұндай саяхаттар алда да жалғасын таппақ.

Манар НҰРЫМҒЕРЕЕВА, Шөрбану Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 11 б класс жетекшісі.

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРГЕ ТҮСІНІК

Құрметті сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар!

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттер аумағынан Қазақстан Республикасы аумағынан тауарларды импорттау кезінде, тауарлардың жалпы құнының 12% мөлшерінде қосылған құн салығы 105115 төлем кодына (ЕАЭО аумағынан импортталған тауарларға қосылған құн салығы) төленеді.

Қосылған құн салығы тауарларды алушының тіркелген мекен-жайы бойынша өндіріледі.

Осыған байланысты, Сізге тұрғылықты жеріңіз бойынша салық органына келесі салықтық кезеңге дейінгі айдың 20-нан кешікпей қағаз нұсқасында және электронды түрде, не тек электронды түрде импортталған тауарлар бойынша жанама салық туралы декларацияны (СЕН 320.00) тапсыруыңыз қажет.

Бұдан басқа, қосылған құн салығын тұрған жеріңіз (тұрғылықты жеріңіз) бойынша келесі салықтық кезеңге дейінгі айдың 20-на

кешікпей төлеуіңіз тиіс екендігін ескертеміз.

Аталған декларациямен бір уақытта салық төлеуші Тауарды өкелу және жанама салықты төлеу туралы өтінішті (СЕН 328.00) қағаз нұсқасында (төрт данада) және электронды түрде, не тек электронды түрде салық органдарына ұсынуыңыз қажет.

Тауарды өкелу және жанама салықты төлеу туралы өтінішке келесі құжаттар қоса тіркеледі:

- Жанама салықтарды төлеу туралы банктік түбіртек;
- Тауарға ілеспе құжаттар;
- келісім-шарт (мәміле);
- счет-фактуралар және т.б. құжаттар.

Декларация мен арызды электронды түрде тапсырған уақытта аталған құжаттар тапсырылмайды.

Жоғарыда аталған салық есептілік нысандарын уақытында не болмаса тапсырмаған жағдайда, салық төлеуші «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 272 бабына сәйкес өкім-

шілік жауапкершілікке тартылады. Бірінші «ескертуді», егер де өкімшілік жазаға тартылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталанса «15-тен бастап 75 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл (37875-189375 теңге)» салынады.

Сонымен қатар, жанама салықтарды төлемеген, не толық төлемеген не болмаса уақытылы төлемеген жағдайда, жеке және заңды тұлғалар «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 287 бабының 1 тармағына сәйкес «10-нан бастап 50 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл (25250-126250 теңге)» салына отырып өкімшілік жауапкершілікке тартылады.

Қосымша ақпарат www.kgd.gov.kz сайтында немесе салық төлеушінің тұрған жері (тұрғылықты жері) бойынша мемлекеттік кірістер басқармаларынан алуға болады.

Ақпарат алу үшін Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының байланыс телефондары: 8(71332) 2-16-76

Газетке жазылу - 2019

Аудандық «Ойыл» газетіне «Қазпочта АҚ» арқылы 2019 жылдың II жарты жылдығына жазылу жүріп жатыр

Индекс	Жазылушылар саны	Б ай
65525	Жеке тұлғаларға	2377, 25
66525	Занды тұлғаларға	4057, 25
67525	Жеңілдікпен жазылатындарға (Барлық зейнеткерлерге)	1897, 25

Байланыс телефондары: 2-19-02, 2-11-07 (Редакция) 2-19-98 (Қазпочта АҚ)